



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

31 наурыз 2022 жыл

Қазақстан қор биржасы Global Money Week-2022 қатысты

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа, KASE) жыл сайынғы Global Money Week (GMW) балалар мен жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі дүниежүзілік қозғалыс шеңберінде 1200-ден астам адам қатысқан бірқатар іс-шаралар өткізді.

10-шы Жаһандық Ақша Апталығы 21 жылдың 27-2022 наурыз аралығында өтті. GMW-2022 ресми тақырыбы – "Өз болашағыңды жаса, ақшаға саналы түрде қара". Жаһандық науқан тақырыбына сүйене отырып, KASE, 2022 жылдың басынан бастап, "Инвестициялық сауаттылық негіздері", "Pro IPO: нені білу керек және қалай қатысу керек" вебинарлар сериясын, "Бағалы қағаздарды салықтық декларациялау", бүкіл Қазақстан бойынша онлайн-хабар таратумен "Бизнеске арналған қор нарығының құралдары" офлайн-кездесуін өткізді.

Онлайн-іс-шаралар, оның ішінде серіктес ұйымдардың – Sky Bridge брокерлік компаниясының, Ernst&Young аудиторлық-консалтингтік компаниясының және "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының қолдауымен өткізілді. Айта кетейік, Биржа ҰКП-мен бірлесіп ұйымдастырған осындай соңғы іс-шарада спикерлер қаржыландыруды тарту үшін бағалы қағаздар нарығының құралдары және листинг рәсімдері туралы айтып, бос ақша қаражатын инвестициялау мәселелерін ашты.

Биржа 2022 жыл бойы қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша іс-шараларды өткізуді жалғастыруды жоспарлап отыр. Атап айтқанда, тұрақты негізде инвестициялаудың түрлі тақырыптарына жаңа бейнесабақтар шығару және вебинарлар өткізу, сондай-ақ бөлшек инвесторлар мен Биржалық симулятор конкурсы жоспарлануда

Анықтама үшін

Global Money Week жаһандық кампаниясында 2012 жылдан бастап әлемнің 176 елінде 53 миллионнан астам бала мен жастар қамтылды. GMW ресми ұраны – "Үйрен. Үнемде. Табыс тап" жаһандық қозғалыстың негізгі идеяларын жас ұрпақты өз ақшасын басқаруға, болашаққа ақша жинауға және өзі мен отбасы үшін ақша табуға үйретуге бағыттайды.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz